

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 мамырдағы N 566 қаулысы

Табиғи сипаттағы өңірлік төтенше жағдайдың зардаптарын жою үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2004 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының елді мекендерінде жер асты сулары деңгейі көтерілуінің зардаптарын жою үшін Алматы облысының әкіміне 167913000 (бір жүз алпыс жеті миллион тоғыз жүз он үш мың) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы облысының әкімі Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне 2004 жылы орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы есеп берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі